

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТЕТІ
ТЕОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТИ
ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 3 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

29. 12. 2022 жыл

Катысқандар: АК төрағасы - PhD Д.Ш.Шауенов, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Ж.Е.Нұрматов, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Б.Сайфунов, АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент Г.Примкулова, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Р.Хәзіретәліккызы, АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент м.а. А.Д.Сандыбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – ХҚТУ доценті С.Қ.Оразбай, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Төлеген, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Ф.Камалова, АК мүшесі, академиялық персонал – А.Бейсенов, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – М.Халықов, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – А.Мауkenбай, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Б.Мауленқұл, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – А.Алибек.

Күн тәртібі:

1. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру
2. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау
3. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау
4. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

1. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру

АК төрағасы Д.Шауенов: Күн тәртібінде көрсетіліген мәселелер бойынша желтоқсан айында атқарылған жұмыстарды талқылайық. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру мәселелерін қарастырайық.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, ХҚТУ доценті С.Оразбай алды: 2023-2024 Оқу жылына ББ мазмұнын жобалауға байланысты желтоқсан айында жұмыс беруші «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» директор орынбасары М.Халиков пен «Әзіреті Сұлтан тарихи-мәдени қорық музейі» директор орынбасары М.Тастанбековпен семинар, тренинг ұйымдастырылды, жаңа ББ байланысты және түлек атрибуттарына байланысты жұмыс берушілердің ұсыныстары тыңдалды.

АК мүшесі, академиялық персонал, т.ғ.к., доцент Г.Примкулова: Тарих ББ бойынша жұмыс берушілермен ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылды. Жұмыс беруші өкілдер мен ПОҚ ББ мазмұнын қайта жобалауға байланысты ұсыныстары ескерілді.

ШЕШІМ: ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылды деп танылсын.

2. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау

АК төрағасы Д.Шауенов: Құрметті АК мүшелері Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау нәтижелерін қайта тұжырымдауымыз керек. Енді оны талқыладық алда жұмыстар көп және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Б.Сайфунов:

Бакалавриат бойынша кемінде 240 академиялық кредит ішінде 56 кредит міндettі пәндер бар. Осыған байланысты 2-3 семестр бойы мамандыққа қатысты пәндер кейінгі семестрлерге сырғиды. Бұл бойынша дінтану және теология мамандары Мармара және Анкара университеттерінің БББ қарай отырып, сол бойынша Дінтану және Теология БББ 8 семестрлік пәндер қайта қарастырылды. Бұл бойынша арнайы екі кафедра ПОҚ отырыс ұйымдастырып, бірге қарады. Осы мәселені кейін тағы да толықтай қарау керекпіз.

АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Ж.Нұрматов:

Теология ББ біздің кафедра жұмыс тобы Мармара университеті Теология БББ-на сәйкестендіре отырып қайта жобаладық. Теология БББ бойынша да 56 көрсеттік міндettі пәндер де бізде қындық тудыруды. Себебі 1-3 семестрде оқытылатын міндettі 56 кредит болғандықтан Мармара университеті БББ-мен аталған семестрлерде оқытылатын пәндер мүлдем сәйкес келмейді. Осы мәселені шешіп алуымыз керек деп ойлаймын.

АК тәрағасы Д.Шауенов: Құрметті АК мүшелері Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын жобалауда туындаған мәселелер басшылықпен ақылдаса отырып шешімін табады деп сенемін.

ШЕШІМ: Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау бойынша 56 кредиттік міндettі пәндер бойынша туындаған мәселелер басшылықпен бірге қайта қаралсын.

3. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау

АК тәрағасы Д.Шауенов: Соңғы үш жылда гуманитарлық ғылымдар бағыты бойынша білім беру бағдарламаларында өзгеріс жоқ екендігі баршамызға мәлім. Келесі оқу жылы яғни 2023-24 оқу жылына қабылданатын білімгерлер үшін жаңа білім бағдарламасын өзірлеу мақсатында семинар-тренингтер ұйымдастырылдық.

АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Ж.Е.Нұрматов: Білім беру бағдарламасын өзірлеу мақсатында ең алдымен жұмыс берушілердің ұсыныстары тыңдалды. Желтоқсан айында жұмыс беруші «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» директор орынбасары М.Халиков пен «Әзіреті Сұлтан тарихи-мәдени қорық музейі» директор орынбасары М.Тастанбековты шақырайық. Жаңа білім беру бағдарламасына қоғам нарығының сұранысына қарай түлектер атрибуттарын анықтап, ББ мазмұнын оқыту стратегиясын жасауға тырыстық.

АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Б.Сайфунов: Тарих білім беру бағдарламасы тарихи және ғылыми білімдерді терең менгерген, тарих пәнін жаңартылған білім мазмұны жағдайында оқыту әдістемесін жүзеге асыратын, тарихи үдерістерге өзіндік талдау жасап оқытуға қабілетті болашақ тарихшы мамандарды даярлауға бағытталған. Дінтану және Теология білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты заманауи еңбек нарығының және жұмыс берушілердің сұранысына жауап беретін, Қазақстандағы діни ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету және дінтанулық ағарту жұмыстарын іске асыруға қабілетті, жоғары білікті мамандарды дайындау. Түркітану білім бағдарламасы бойынша кәсіби дағдыларын игерген, бәсекеге қабілетті маман ретінде түркітанудың іргелі принциптерінің негізінде заманауи тұжырымдамалық мәселелерді талдай алатын және түркі халықтарының мәдениетаралық қарым-қатынастарын, этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық процестерін объективті түрде бағалай алатын тұлғаны даярлау. Осы аталғандар ғуманитарлық ғылыми бағыт бойынша БББ-ның мазмұнын оқыту стратегиясының бағыттарын құрауы керек.

ШЕШІМ: Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясы қайта пысықталсын.

4. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

АК төрағасы Д.Шауенов: Желтоқсан айында бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру, бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау, бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау бойынша біршама жұмыстар атқарылды. Кейбір мәселелер төннегінде, мысалы, Түркиядағы жетекші университеттердегі дінттану және теология саласы бойынша 8-семестрдегі пәндер мен олардың реті алдағы уақытқа жоспарланды.

ШЕШІМ: Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:

Д.Шауенов

Хатшысы:

М.Төлеген